

## Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы әкімінің 2015 жылғы 10 сәуірдегі № 3 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 13 сәуірде № 3129 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы әкімінің 2015 жылғы 21 желтоқсандағы № 7 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы әкімінің 21.12.2015 № 7 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33 бабының 1 тармағы 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48 бабы және 50 бабының 2 тармағы 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 756 "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" қаулысына сәйкес, аудан әкімі **ШЕШТІ:**

1. Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданының аумағында табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.
2. Табиғи сипаттағы төтенше жағдайларды жою басшысы болып Бұқар жырау ауданы әкімінің орынбасары міндетін атқарушысы Руслан Есенбекович Нурмуханбетов тағайындалсын және осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.
4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Н. Кобжанов